

қолдағаны үшін айыптап отыр. Ал Қатар болса, оны үзілді-кесілді жоққа шығаруын жалғастыруда. Бүгінгі таңда бұл басы ашық тұрған мәселе болып отыр.

Үшінші жылға созылып бара жатқан антиқатарлық блокада әлі де еш нәтиже бермей отыр. Сауд Арабиясының қатаң талаптарын орындамаған Қатар өз тарапынан барлық мәмілеге дайын екенін хабарлады. Ендігі келісімге келу кезегі Сауд Арабия Королдігінде. Егер де Қатар 13 негізгі ультиматум тізімінен Аль-Джазира арнасын жабу және Иран Ислам Республикасымен саяси қарым-қатынасын тоқтату секілді талаптарын орындаса, оқшаулау мәселесі әлдеқайда ертерек бітер ма еді?..

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Васильев А.М. История Саудовской Аравии: 1745 г. - конец XX в. М., 2001.
2. Blocus du Qatar : l'offensive manquée: Guerre de l information, jeux d'influence, affrontement économique (Français) Broché – 19 septembre 2018.
3. Щегловин Ю.Б. Қатар дағдарысына қатысты АҚШ ұстанымына әсер ететін негізгі факторлар туралы //Таяу Шығыс институтының ресми сайты.<http://www.iimes.ru/?p=35491>
4. Arc Digital: Блокада Катара с треском провалилась/Александр Белов/<https://regnum.ru/news/polit/2643274.html>
5. Дмитрий Добров, «Сможет ли Саудовская Аравия поставить Катар на колени»/<https://inosmi.ru/politic/20181203/244142519.html>
6. В Саудовской Аравии допустили возможность многолетней блокады Катара / <https://ria.ru/20180307/1515922891.html>
7. Serdar Bitmez,Gülşen Topçu,Ülviyya Amuyeva, «Блокада лишь усилила позиции Катара»  
<https://www.aa.com.tr/ru/мир/блокада-лишь-усилила-позиции-катара/1497899>
8. Qatar says talks to end Gulf blockade collapsed in January  
<https://www.middleeasteye.net/news/qatar-says-talks-end-gulf-blockade-collapsed-january>

ӘОЖ 94(5)

## ТАҢ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ ТҮРКІЛЕРДІҢ РӨЛІ

Сейлхан Айсулу

[aisulu.seilkhan@gmail.com](mailto:aisulu.seilkhan@gmail.com)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті,

Шығыстану кафедрасының 2 курс магистранты,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Қайыркен Т.З.

Таң империясы Шығыс Азияның тарих сахнасында өмір сүрген ұлы Қытай империялардың бірі болған. Қытай халқының тарихындағы барлық сала нағыз шарықтау шегіне жетіп, көршілес елдермен мықты қарым-қатынас орнап, әскер жағынан да күшті болған кез осы – Таң империясы кезеңі. Осы зертеу жұмысында Таң империясының осындай керемет империя болып қалыптасуындағы түркілердің рөлін қарастырамыз. Сонымен қатар, қандай адамдар қатысты және олардың еңбегі қандай екені жайлы айтып өтеміз.

Таң әулетіне дейін қытай халқын 581 - 618 жж. Суй әулеті биледі. Суй империясының соңғы патшасы Суй Янди билік құрған кезеңінде елде ашаршылық пен дерт жайылды. Суй Янди патша барлық қаржыны Ұлы канал құрылысы мен Лоян және Чаньань қалаларын үлкейтіп құруға жұмсады. Сонымен қатар Когуреге үш мәрте соғысқа жорыққа аттанып әр кез сәтсіздікке ұшырады. Осы кезде елдің солтүстігінде көшпелілердің шабуылынан көп жерлер қаңырап бос қалды. Бітпейтін тегін еңбек пен әскери міндет жай шаруаларды езгіге салып, елден бездірді. Аштық пен езгіден шаршаған халық көтеріліс

жариялап Суй патшалығының іргесі шайқалды. Осы жағдайды пайдаланып бірнеше ықпалды ақсүйектер билікті өз қолына алуға тырысты. Сол ықпалды адамдардың бірі Шаньси провинциясының билеушісі Ли Юань болды. Ли Юань мен оның ұлы Ли Шиминнің Тайюань аймағының орталығы Циняньда жасаған көтерілісі жасалған көтерілістердің ішіндегі ең табыстысы болды [1, 78 б.].

Ли тегі 400 жылға дейін қытайдың текті ақсүйектеріне тиесілі болған. Бірақ кейіннен хуннулармен (ғұндар), сосын табғаштармен байланысып кетті. Бұл әулет Суй әулеті секілді гуаньлундық ақсүйектер тобына жатқан. Ли әулеті табғаш немесе тоба (拓拔) деп аталатын сяньбилердің (Ішкі Моңғолия аймағында өмір сүрген көшпенді көне моңғол тайпасы) бір тармағына жататын, көне моңғолдық көшпенді халыққа жатады деп есептеледі. Тобалар түбі Моңғолияның солтүстік бөлігі, қазіргі Ресей аумағын мекен еткен. Н.Я. Бичуриннің айтуы бойынша тобалар деп анасы хунну, әкесі сяньби болған халықты атаған. Ал жужандықтар өздерін тобалармен тектеспіз деп санаған [2, 209 б.]. Ал атақты тюрколог С.Г. Кляшторный тобаларды түркітілдес тайпа деп есептеген [3, 154 б.].

Ли Юань Таюаньдағы Таң бектігінің ұлығы, Суй патшалығының соңғы кезеңдерінде өз мекенінде мансапты адамдардың бірі болды. Оның бабасы Ли Ху – Юйвэнь Тайға 550 ж. Солтүстік Чжоу мемлекетінің негізін салуға көмектескен жеті «мемлекеттің тірегінің» бірі еді. Ал атасы Ли Си мен әкесі Ли Бин Солтүстік Вэйдің (386-535 жж.) әскери қолбасшылары болды. Ли Юаньді Суй әулетімен бірдей ақсүйектердің тобына жатқандығы ғана байланыстырған жоқ. Оның анасы, түріктердің атақты Дугу тайпасынан шыққан, Суй императоры Вэнь-дидің (581-605 жж.) жары Вэньсянь-хуанхоу патшайымның әпкесі болды. Осылайша, Ли Юаньнің түрік негіздері түріктерден шыққан Дугу тайпасымен байланыстырылды. Осы тайпаның өкілдерінің бірі Солтүстік Чжоу династиясының негізін салушысының жолдасы еді. Оның үлкен қызы Юйвэнь Тайдың ұлы, Солтүстік Чжоу мемлекетінің бірінші императоры болған Мин-дидің (557-561 жж.) жары болса, жетінші қызы болашақ Суй императоры Вэнь-ди Ян Чжэнге тұрмысқа шыққан еді. Дугу тайпа басының төртінші қызы Ли Бинге тұрмысқа шығып 566 ж. Ұлдары Ли Юань өмірге келді. Ли Юаньнің түрік негіздері осымен аяқталған жоқ. Оның өзі түрік негізі бар сүйлік ақсүйек Шэнь-гунның қызы Доу Иға үйленген. Осы некеден туған төрт ұлдың біреуі Ли Шимин 626 ж. Тай-цзун (626-650 жж.) есімімен Таң империясының тағына отырды [5, 74 б.].

Ли Юань ақылды қолбасшы болғанымен, оның екінші ұлы Ли Шимин дана саясаткер және билеуші, Таң империясының нағыз негізін салушы болды. Негізі осы ұлының берген кеңесі бойынша Ли Юань аш шаруаларды тамақтандырды, қатігез сүйліктердің заңдарын алып тастады, императорға қарсы шығып, көтерілісті бастаған еді. Осылайша жаңа әулет атаққа кенелді. Ли Юань ұрыста жеңіске жету үшін түріктердің көмегі керек екенін түсінді. Ол 617 жылы солтүстіктегі Шығыс Түрік қағанатының (608-619) қағаны Шибір (Суар) қағаннан көмек сұрауға өзінің елшісі Лю Вэньциннен хат жіберді. Ол Суй патшасын тақтан тайдыру ойы бар екенін жазып әскери қолдау сұрады. Оған қоса, ол хатта Ли Юань өзін бағынушы тарап ретінде мойындап, қағанға басшысы ретінде жазды. Ол өз мақсатына жету үшін түріктердің күштілігін мойындап, болашақта әскери көмек алып қауіпсіздікті қамтамасыз етпек болды [4].

Шибірхан 608-619 жылдары Шығыс Түрік қағанатын басқарған қаған. Оны Суй императоры Яндидің өзі тағайындады. Дегенмен, өзінің әкесі Жаңғар қағанға қарағанда қытайлықтарға еліктемеді, керісінше оларға қарсы тұрды. Шибірхан Суй империясының құлауын пайдаланып әлсіреп қалған қағанатты таңқаларлық күшті елге айналдырды. Тіпті қытайлықтар сол кезде түріктерден сескенді деп айтсақ та болады [2, 245-246 б.]. Өйткені Суй патшалығының соңы кезінде Батыс Түрік қағанатының жаугершілік саясатынан шаршаған халқы оның қол астына жиналды. Солайша, Шибір қағанның қол астындағы түріктердің саны күн санап өсіп, әскер күші арта түсті. Оған қоса, Суй патшасының езгісінен қиналған империя халқы, кей әскери ақсүйектер өз маңына қол жинап, одан тәуелсіз болуға ұмтылды. Олар түгелімен Шибір қағанның тарапына өтіп, оны императорға

қарсы күреске шақырды. Мысалыға, сол кезде Суфаң өңірін иеленген Лян Шиду түріктердің қол астына өткендіктен, Шибір қаған оған бөрілі байрақ ұсынады және «Тардүш Білге қаған» деген атақ берді. Осы адамдардың ішінде жоғарыда айтып өткен Ли Юаньда бар. Ол осыған дейін Тайюань аймағында қол бастап Суйға қарсы көтеріліс жасаған еді. Ли Юань өз қолымен Шибір қағанға хат жазып, сыйлықтар жіберіп, одан күресте жәрдем беруін өтінді. Сонымен қатар, екі жақ «егерде күрес сәтті аяқталып Чанъаньды басып алса, халқы Ли Юаньге, ал қалған алтын-күміс, жібек мата сынды бағалы зат, мал-мүліктің бәрі түріктерге тиесілі болады» деген келісім жасасты. Нәтижесінде күрес сәтті аяқталып, 618 жылы Ли Юань түріктердің көмегімен Чанъаньге басып кірді. Суй империясын аударып тастап, Таң патшалығының негізін қалады. Чанъаньды астана етіп қалдырып, өзін Таң Гаоцзу деп атады. Осылайша, Суй империясының құлап, Таң әулетінің билікке келуіне түріктер себеп болған деп айта аламыз [1, 78 б.].

Осыған дейін Таң әулетінің түріктермен байланысы және түріктердің Таң әулетіне билікке келуіне көмектескені жайлы айтып өттік. Енді Таң империясының империя болып қалыптасуында маңызды орын алған адамдар жайлы айта кетеміз. Таң империясының шекараларын қорғауда және жаулап алушылық жорықтарында түріктердің маңызды рөлі айқын көрсетілген. Сол түріктердің ішінде ерекше көзге түскен үш қолбасшы бар, олар Чжиши Сыли, Ашина Шэр және оғыз Циби Хэли.

Осы аталған қолбасшылардың шыққан тегі атақты тайпаларға тиесілі. Ашина Шэр Чурын қағанның екінші ұлы (Чуло) болды және шад шенін иемденді. Чжиши Сыли солтүстік Қытайдың іші аймақтарын мекен еткен чжиши тайпасының «түрік басшысы» болды. Ал Циби Хэли тоғыз-оғыздардың циби тайпасының қағаны Гэлуньюшэ-мохэнің немересі еді. Барлық үш қолбасшыларды 630 ж. басында Таң Тай-цзун (Ли Шимин) императордың билік етіп, Бірінші Шығыс Түрік қағанатының құлауы кезінде Таң империясына бағынды. Барлығынан бірінші түрік-таң қарым-қатынасына кіріккен Чжиши Сыли болды. Оның қол астындағы әскери бөлімдер, негізінен, шекараны сыртқы жаулардан қорғау рөлін атқарды. Ол 635 ж. Туюйхуньдерге (285-663 жж. Өмір сүрген сяньбилердің мемлекеті), 638 ж. Тибеттіктерге қарсы жорықтарға қатысты. Оның Таң империясына сіңген ең үлкен еңбегі солтүстік шекараларды сяньбиліктердің шабуылынан қорғау болды. Соғыста көрсеткен қызметі үшін Тай-цзун оған Гао-цзудың қызы Цзюцзян ханшайымды әйелдікке беріп «гун Аньго» деген шенмен мадақтады [5, 103 б.].

Таң әулеті кезінде аттаққа кенелген тағы бір түрік басшысы андық тайпаның уәкілі Ашина Шэр/ Ашина Шени еді. Айта кетсек, Ашина әулетінің өкілдерін Түрік қағанатына қарсы пайаланды. Ашина Шэр батыс түріктердің қағаны Чурын қағанның (Чуло) екінші ұлы болды. Ол империяға қосылмас бұрын, теле тайпасына кіртеін ұйғырларды, бугуларды, тонграларды және шығыс түріктердің жерін басқарған. Чуло қағанның кезінде шад аталған. 626 ж. Ашина Шэр сеяньто-ұйғырлардың түріктерге қарсы көтерілісінен жеңіліді. 628 ж. өзінің қалған халқын жинап Кэхань футу аймағында қоныстанды. Ашина Шэр Түрік қағанатының құлауына себеп болды деп сеяньтоларға жорық жасамақ болып, сәтсіздікке ұшырады. Қол астында қалған он мың әскермен 635 ж. Таң империясына қосылуға мәжбүр болды. Тай-цзун оны бірден аға генерал етіп тағайындап, келесі жылы Гао-цзудың қызы Хэньян ханшайымды әйелдікке берді. Сонымен қатар, 640 ж. Гаочан мемлекетіне жасаған жорықта көрсеткен еңбегі үшін «гун Биго» шенін иемденді; 645 ж. Ляодун (Корея) аймағына Тай-цзунмен бірге жорыққа аттанып көрсеткен ерліктері үшін Бағынышты мемлекеттер мен шетелдіктерді басқару лауазымын алды. Тай-цзун (649 ж.) қайтыс болған кезде императорға беріктігі соншалықты бірге жерлеуін сұрады. Дегенмен, оның шын ниетін түсініп Гао-цзун император бас тартады. 655 ж. Ашина Шэр қайтыс болды [6, 231-232 б.].

Алдындағы атап өткен екі қолбасшыға қарағанда, Циби Хэли ұйғырлардың тоғыз-оғыздардың циби тайпасынан шыққан. 632 жылы Циби Хэли әкесі Мохэдо-тегин, цибилердің қағанының інісі қайтыс болған соң тоғыз жасында анасымен бірге Таң империясына қосылды. Император оның тайпасын Ганьчжоу мен Лянчжоу аймағына

жайғастырды, ал Цибидің өзін сол жақтың генералы етіп астанада қалдырды. Цибидің жасаған ерліктерінің көбі соншалықты жаулары өздеріне ұрлап алып өтырған. Мысалы, Таң генералы Ван Цзюнь сол үшін қатаң жазаланды. Император Тай-цзун жасөспірім ерліктері мен империяға беріктігі үшін Линьтао сяньчжу ханшайымын әйелдікке берді. 640 ж. Циби Хэли Гаочанға жасаған жорыққа қатысты, оны жоғарыда айтып кеткен Ашина Шэр басқарды.

644 ж. Циби Хэли Тай-цзунның әскерінің құрамында Когуреге (Корея) жорыққа аттанды. Циби Хэли корейлерге қарсы мықты соққы беріп соғыс алаңында найзамен жараланды. Тай-цзун император жеке өзі Циби Хэлидің жарасына дәрі жағып таңып берді. Император жаралаған әскерді тауып Циби Хэлиге өзі өлтірсін деп бұйрық берді. Бірақ Циби Хэли әскерге кешірім берді. Императордың жеке өзі Циби Хэлиді емдегені оның атағын оданда қатты асқақтатты. 651 ж. бұрынғы Батыс Түрік қағаны Ашина Хэлу басқарған әскерге қарсы жорық жасайды. Өйткені Ашина Хэлу Шығыс Түркістан аймағында өз халқын қайта бір тудың астына жинап күшейіп Таң империясына қарсы қауіп төндіре бастады. Әрине оны басу үшін император Хэлиді жіберді. Бұл жорықта сәтті болып, Хэли үлкен аттаққа кенелді. Оған қоса 661 ж. тоғыз-оғыздардан шыққан көтерілісшілерге қарсы жасақ жиналды. Әскер құрамында Ашина Шэр мен Циби Хэлидің жасақтары бар болды. Осы жорықта Хэли қан-төгісті азайтып, барынша бейбіт жолмен аяқтауға үкен үлес қосты.

Циби Хэли 678 жылы қайтыс болды. Ол қайтыс болған соң оған «Мемлекеттің жоғарғы тірегі» (қыт. шан чжуго) деген атақ берілді. Сонымен қатар, ол Таң империясының батыс астанасында орналасқан Чжаолин моласында жерлену құрметіне ие болды [5, 105 б.].

Қорытындылай келе Таң империясы тарихта қытайлықтардың жаулап алушы ұлы империясы болғанымен, оның түпкі тамырында дерлік көп жетістіктері түркі халықтарымен байланысты десек болады. Жоғарыда берілген мәліметтерге сүйенсек, Ли әулетінің түп негізі тікелей түркілермен байланысты болды. Яғни, табғаштар немесе тобаларда тек қытайлықтардың емес ақсүйек түркілердің де қаны бар. Сол себепті де Ли Юань күшті халық түркілерге бүйірі тартып көмек сұрады. Бұл жерде Шибір қағанның жасаған қызметі, көмегі Ли әулетінің билікке келуінде шешуші рөл атқарды. Әрі қарай империяның жаулап алушылық саясатында, қорғану аймақтарында қытайлықтармен теке-тіресіп бірдей еңбек етіп, тіпті олардан да көп жетістікке жеткен түркілердің орны ерекше. Тай-цзун император олардың нағыз ерліктерін, күш жігерін көріп өзіне тартты. Түркілерді соғыстарда қорғаныш қабат ретінде алдыңғы сапта қолданды. Тіпті, Циби Хэли секілді батырды өзіне жақын тартып мадақтады. Мұның бәрі түркілердің айбатты, жігерлі, берік және күшті болғандығын, оған қоса, Таң империясының жерін кеңейтіп, әскерін күшейтуінде ең көп көмегі тиген халық болғанын көрсетеді. Сондықтан Таң империясының қалыптасуындағы түркілердің рөлі өте маңызды деп айта аламыз.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қайыркен Т. З. Көне түркі ескерткіштеріндегі қытай жазбалары (VII-XIV ғғ.). – Өскемен: Рекламный Дайджест, 2008. – 336 б.
2. [Бичурин Н.Я.](#) Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. М. — Л., 1950. Т. I. С. 381 с.
3. Кляшторный С. Г. История Центральной Азии и памятники рунического письма / С. Г. Кляшторный; Филологический факультет СПбГУ. — СПб., 2003, С. 154.
4. Л.Н. Гумилёв. Из истории Евразии. Очерк. // М.: «Искусство». 1993 [в выходных данных 1992]. 80 с. ISBN 5-210-02258-7.
5. Камалов А.К. Тюрки и иранцы в Танской империи / Алматы:ИД «МИР», 2017. – 384 с.
6. Л.Н. Гумилёв. Древние тюрки. // М.: 1967. 504 с.